



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 19 шілде

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде айтылған тапсырманы орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірледі.

Бағдарлама шеңберінде Ұлттық Банктің акционерлік қоғам нысанындағы, Бағдарламаның операторы болатын еншілес ұйымын құру көзделген.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 130 қаулысымен «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы шешім қабылданды.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-тың қызметі бойынша сұрақтар туындаған жағдайда +7 (727) 270 46 73 телефоны бойынша хабарласуды сұраймыз. Сонымен бірге Сіздер Ұлттық Банктің Facebook-тегі «ҚР Ұлттық Банкі хабарлайды, түсіндіреді, түсініктеме береді» бетінде сұрақтар қоя аласыздар.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz